

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
“ Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы”
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
“Өзін-өзі бағалау” барысындағы оқу-әдістемелік жұмысының
Сараптамасы**

Мазмұны

1-БӨЛІМІ Жалпы мектепке ұйым туралы мәлімет
1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны туралы ақпараттық анықтама
2. Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет
2-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның кадрлық құрамы
1. Педагогтердің сапалық құрамы
2. Педагогтердің жас құрамы
3. Педагогтердің жұмыс өтілі туралы мәлімет
4. Педагогтердің біліктілік деңгейі
5. Педагогтердің біліктілігін арттыру туралы
6. Кадрлар құрамының тұрақтылығы
7. Штаттық кестеге сәйкес ұйымның педагогтермен қамтылуы
3-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті
1. Ұйымдағы балалар контингенті
2. Тәрбиеленушілердің ұлттық және жыныс құрамы бойынша мәлімет
3. Тәрбиеленушілердің жетістіктері
4. Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер
4-БӨЛІМІ Әдістемелік жұмыс
1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын қолдану барысы
2. Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары
5-БӨЛІМІ Оқу-тәрбие жұмысы
1. МДҰ жұмыс бағыты
2. Педагогико-психологиялық коррекциялық жұмыстың нәтижесі
3. Педагогтердің халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық сайыстарға қатысуы
4. Педагогтердің құрмет атақтары, ведомстволық және үкіметтік марапаттары
5. БАҚ жарияланымдары
6-БӨЛІМІ Оқу-материалдық активтер
1. Оқыту- материалдық активтер
2. Оқу материалдарымен қамтамасыз ету
7-БӨЛІМІ Оқу және ғылыми зертханалар
Мектепке дейінгі мекеме кабинеттер
8-БӨЛІМІ Білім алушылардың білім сапасын бағалау
9-БӨЛІМІ Қосымшалар. Құрылтай құжаттарының көшірмелері

1-БӨЛІМ Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы ақпараттық анықтама

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны туралы ақпарат 2021 жылғы 14 қаңтар Жарғысына сәйкес білім беру мекеменің атауы – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы

Пошта индексі,

140000

Мекен-жайы

Павлодар қаласы, Майра көшесі, 41/1

Заңды тұлғаны қайта тіркеу нөмірі

№1154-1945-НАО-МК

БСН

060840006474

Тұрақты жерпайдалану акты

№ 0328570

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі

14 – 218 - 019-222

Медициналық қызметпен

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

айналысуға

«Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің

Павлодар облысы бойынша департаменті»

Санитарлық-эпидемиологиялық

Электронды мекен-жай:

Ғимараттың салынған жылы

Қайта ашылған жылы

Меншік нысаны

Жалпы ауданы

Жобалық қуаты

Тәрбие беру тілі

Басшы:

Телефон:

Балалар контингенті –

Жалпы мектепке дейінгі ғимарат



2. Жалпы мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығында заңды тұлға болып, Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы «06» қаңтардағы бұйрығымен бекітілген Жарғысы негізінде әрекет етеді.

Кәсіпорын Павлодар қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 11 тамыздағы «Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласын білім беру бөлімінің Павлодар қаласының туберкулез жұқтырған балаларға арналған санаторлық үлгідегі №5 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны туралы №1062/12 қаулысына сәйкес құрылды, 2010 жылғы 18 қарашадағы 2075/40 шешімі негізінде Павлодар қаласының әкімінің, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының туберкулез жұқтырған балаларға арналған санаторлық үлгідегі №5 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының атауы Павлодар қаласының әкімінің, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №5 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-Мемлекеттік кәсіпорын) болып қайта аталды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі, болып табылады.

Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктегі шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауымен мөрі бар.

Кәсіпорын өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру Кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады.

Кәсіпорын мүлкі құны өз балансында көрсетіліп, Кәсіпорынның активтерінен құрылады.

Құрылтай құжаттары, білім беру ұйымы қызметінің ішкі тәртібін регламенттейтін құжаттар, өкімдік құжаттар, оның ішінде:

занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, 2011ж 23.02. алғашқы тіркеу күні, 2021 жылғы 14 қаңтардағы екінші тіркеу күні №1154-1945-НАО-МК, бизнес – сәйкестендіру нөмірі-060840006474;

2021 жылғы 06 қаңтардағы Жарғысы;

хабарлама KZ05XXX0004378 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы, берілген күні: 29.01.2015 жыл ;

медициналық қызметпен айналысуға ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті " Республикалық ММ денсаулық сақтау басқармасының лицензиясы №00939DS 2011жылғы 25 наурыз;

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы № 10100455653298 анықтама негізінде жедел басқару құқығында келесі жылжымайтын мүлік объектілері бекітілген: бастапқы объект-ғимарат кадастрлық нөмірі: (14:218:019:222-64/А), қойма кадастрлық нөмірі: (14:218:019:222:-65/Б), жалпы ауданы 3991,7 м2, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: (14 – 218 - 019-222), жалпы ауданы 1,1298га га.

Алқалық басқару органдары бекітілген ережелерге сәйкес жұмыс істейтін, сәбилер басшысы бекіткен педагогикалық кеңес, шығармашылық бірлестіктер болып табылады.(Құжаттардың көшірмелері қоса беріледі)

2021-2022 оқу жылында Павлодар қаласының № 5 сәбилер бақшасы 12 топ жұмыс атқарады, 312 бала тәрбиеленуде.

Ұйымның басқаруы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 II Зандарына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығымен

өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес бекітілген және сәбилер бақшасының жарғысына сәйкес жүргізіледі. Басқару органдары педагогикалық және әдістемелік кеңес болып табылады.

Ұйымның ішкі құжаттары мемлекеттік тілде келісілген істер номенклатурасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 Қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Мөр және штамп «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңының 21 бабына сәйкес.

Ұйым қызметкерлерінің еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау «Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 929 бұйрығына сәйкес.

Штат кестесі және педагогтердің жүктемесі басшымен және Павлодар қаласының білім бөлімінің басшысымен бекітілген. 2021-2022 оқу жылында педагогтер құрамы – 35 қызметкерден тұрады.

2-БӨЛІМІ Мектепке дейінгі мекеменің кадрлық құрамы

Әкімшіліктің негізгі жұмысының бірі кадрлардың құрамын бекіту және олармен сапалы жұмыс жүргізу. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және ұйымның жарғысына сәйкес басшы педагогикалық кадрларды еңбек шарты бойынша қабылдайды.

Оқыту - тәрбиелеу үрдісін сапалы жүргізу мақсатында балабақша барлық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта балабақшада 35 педагог: басшы, әдіскер, педагог-психолог, педагог-логопед ән-күй жетекшісі, дене тәрбиесінің нұсқаушысы, орыс тілі мұғалімі, жүзу нұсқаушысы, 24 тәрбиеші, хореограф еңбек етеді. Балабақша штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлар 100% қамтамасыз етілген. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

1. 2017-2021 оқу жылдарында педагогтардың сапалық деңгейі

Барлық педагогтар		2017-2018 (37)	2018 – 2019 (37)	Динамика	2019 – 2020 (36)	Динамика	2020 – 2021 (36)	Динамика	2021 – 2022 (35)	Динамика
Жоғары санат / педагог-зерттеуші	Педагогтар	2	4	+2	3	-1	2	-1	6	+4
	%	5%	11%	+5%	8%	-3%	6%	-3%	17%	+12%
Бірінші санат / педагог-сарапшы	Педагогтар	8	8	0	8	0	10	+2	8	-1
	%	22%	22%	0	23%	0	28%	+6%	23%	-3%
Екінші санат/педагог-модератор	Педагогтар	7	9	+2	13	+4	10	-3	6	-3
	%	19%	24%	+5%	36%	+11%	28%	8%	17%	-8%
педагог	Педагогтар	20	16	-4	12	-4	14	+2	15	+1
	%	54%	43%	11% /	33%	11% /	38%	+6%	43%	3%

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаты- білім беру саласында қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, ең үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау және кеңінен тарату. Педагогтердің әдістемелік - зерттеу әрекетін ынталандыру, талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау, педагог - зерттеуші еңбегінің беделін арттыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру, педагогтердің әдістемелік және практикалық қызметін насихаттау болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестация 5 жылда бір рет өткізіледі. Аттестацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің еңбегін тиімді бағалау жүйесін құру, олардың кәсіби өсуіне көмек көрсету, біліктіліктерін үздіксіз көтеру, еңбек нәтижесін көрсету. Педагогтер біліктілік санаттарын құрылған кестеге сай әр бес жыл сайын көтереді немесе растайды.

Кестеде көрсетілгендей, педагогтердің сапалық құрамындағы біліктілік санаттарының өзгерістерін көруге болады. Жоғары/ педагог зертеуші және бірінші/ педагог сарапшы санатты педагогтер 2021-2022 оқу жылында 40 %-ға көтерілгені анықталды. Екінші санат/педагог модератор -20%-ды құрайды. Алдағы жарты жылдықта 4 педагог –зерттеушіге, 2 педагог-сарапшы, 5 педагог- модераторға үміткер.

Педагогтердің жас шамасы бойынша құрылымы

Педагогтар	2017-2018	2018 – 2019	2019 – 2020	2020 – 2021	2021 – 2022
Барлық педагогтар	37	37	36	36	35
20 жастан 30 жасқа дейін	23/62%	19/51%	18/50%	19/53%	11/31%
31 жастан 40 жасқа дейін	7/19%	10/28%	10/27%	7/19%	14/40%
41 жастан 50 жасқа дейін	5/14%	5/13%	5/14%	7/19%	7/20%
51 жастан 60 жасқа дейін	2/5%	3/8%	3/9%	3/9%	3/9%
61 жастан 63 жасқа дейін					

20 жастан 30 жасқа дейінгі педагогтар – 40 %; 31 жастан 40 жасқа дейін – 31 % құрайды. Осылайша, ұжымда жас педагогтермен тәжірибелі педагогтердің теңдігі бар; ұжымды жаңа педагогикалық кадрлармен толықтыру өте қарқынды жүреді.

Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет

Жылдар	2017-2018	2018-2019	Динамика	2019 - 2020	Динамика	2020 - 2021	Динамика	2021-2022	Динамика
Барлығы	37	37	0	36	-1	36	0	35	-1
1 жылға дейін	1/4%	10/27%	+9/24%	9/26%	-1	2/6%	-7	6/17%	+4/11%
3 жылға дейін	16/43%	6/16%	-10/27%	3/8%	-3	9/25%	+6	4/11%	-5/14%
5 жылға дейін	4/11%	4/11%	0	7/19%	+3	5/14%	+2	5/14%	0
10 жылға дейін	7/19%	6/16%	-1/3%	5/14%	-1	9/25%	+4	9/26%	0
20 жылға дейін	7/19%	7/19%	0	8/22%	+1	8/22%	0	8/23%	0
20 жылдан көп	2/5%	4/11%	+2/5%	4/11%	0	3/8%	-1	3/9%	0

Ең көп топты 10 және 20 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер құрайды – 49% тең түседі; 28% дан 1және 5 жылға дейін.

Педагогтердің білім деңгейі

Барлық педагогтар		2017-2018	2018-2019	Динамика	2019-2020	Динамика	2020-2021	Динамика	2021-2022	Динамика
		37	37		36	-1	36		35	-2
жоғары білімді	Педагогтар	21	22	+3	19	-3	19	0	21	+2
	%	57%	59%	+6%	53%	-6%	53%	0%	60%	+6%
оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	Педагогтар	1	2	0	0	-2	2	+2	4	+2
	%	4%	5%	-2%	0%	-5%	+5%	+5%	19%	+5%
арнайы орта білімді	Педагогтар	16	15	-3	17	+2	17	0	14	-3
	%	43%	41%	-8%	47%	+6%	47%	0%	40%	9%
оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар	Педагогтар	9	8	-1	9	+1	8	-1	13	+3
	%	56%	52%	-3%	53%	+3%	47%	-3%	54%	+9%
сырттай оқитындар	Педагогтар	0	2	+1	1	-1	1	0	2	+1
	%	0	6%	+3%	3%	-3%	3%	0	6%	+3%

Ағымдағы оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында 60 % жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі –19 %. Педагогтердің 40 % арнайы орта білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 93%. Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар. Мектепке дейінгі жоғары және арнайы орта білімі бар педагогтердің өткен жылмен салыстырғанда 22% - ға артты.

Бұл кестелер соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласындағы балабақша педагогтерінің білім деңгейі артып келе жатқанын көрсетеді.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелеріне сәйкес балабақша педагогтері жыл сайын жоспар бойынша аттестаттаудан өтеді.

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

Бөлім	2017 2018 (37)	2018 2019 (37)	Дина мика	2019 2020 (36)	Динам ика	2020 2021 (36)	Динамика	2021 2022 (35)	Дина мика
Жалпы саны	27/73%	26/70%	-1/3%	23/64%	-3/8%	30/83,4%	+7/19,4%	25/71 %	-5/14%
Педагог тер	10/27 %	11/30%	-1/3%	13/36%	-2/6%	6\16,6%	-6/17%	10/29 %	-4/11%

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – кәсіби оқыту нысаны. Білім алушыларға сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін педагогтер өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін үздіксіз жетілдіріп отырады. Білімді де білікті мамандардың бойында іргетасы нық қаланған жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін дамыту барысында педагог кадрларының біліктілігін арттыру қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ұстаздардың алдында тұрған басты мақсат – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Сондықтан, балабақшада біліктілік арттыру курстарынан өту кестесі әрбір оқу жылының басында бекітілген, ұжым басшысының қолымен және ұйым мөрімен расталған.

Кадрлармен жұмыс жүргізу барысында міндетті түрде педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеруге, шығармашылық бастамашылдықтарын дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды ізденуге және меңгеруге көңіл бөлінеді. Соңғы 5 жыл ішінде педагогтер педагог біліктіліктерін арттыру курсынан өтті, куәліктері бар. 10 педагог жоспарда көрсетілді.

Кадр құрамының тұрақтылығы

Көрсеткіштер	2018-2019	2019-2020	2020- 2021
Қабылданған педагогтер	12	7	5
Шығып кеткен педагогтер	4	6	7
Сонымен қатар:			
Өз еркімен	4	6	7
Қаланың ішінде:			
Жалақыға көңіл толмайды	-	-	-
Көшкен уақытта	2	1	
Басқа жұмысқа ауыстырылды.	-	-	-
Толық күнде оқыту	-	-	-
Денсаулығына байланысты	1	-	
Еңбек тәртібін бұзған	-	-	-
Зейткенкерлікпен	-	-	-
Жалпы педагог	16	13	19

Үш жыл ішінде кадрлық құрамның қозғалысын талдай отырып, педагогтердің өз еркімен (оның ішінде басқа қалаға, ауданға көшу) шығуымен жұмыстан босатылғаны байқалады. Көшумен 3 педагог жұмыстан шықты. Жаңадан қабылданған педагогтер негізінен негізгі қызметкердің бала күтімі демалысына уақытша қабылданғандықтан. Еңбек тәртібін бұзғандар жоқ.

Мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында штат кестесінде педагогтер мен мамандардың штат бірліктері қарастырылған. Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету есепті жылдар ішінде 100% құрайды. Педагогтерді ауыстыру декреттік демалысқа шыққан негізгі жұмыскерлерді ауыстыру есебінен табылады

III-бөлім. Мектепке дейінгі ұйымның балалар контингенті

Мектепке дейінгі ұйым қызметін автоматтандыру “Indigo.24kz” порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға түсуі “ Indigo.24kz” бағыты бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс рәсімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тіркеледі. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істер бар. Жолдамаларды тіркеу журналдары, балалар қозғалысы кітабы, балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі. Балабақшада жоспарлы 312 бала қамтылған 12 жас тобы жұмыс істейді. Топтардың жұмыс тәртібі сағат 7.00-ден 19.00-ге дейін.

Балалардың тізімдік құрамы

Жас құрамы	2017-2018	2018 – 2019	Жас құрамы	2019 – 2020	2020 - 2021	2021 – 2022
Топтар саны	12	12	Топтар саны	12	12	12
			Ерте жас	-	1/25	1/29
1 кіші топ	3/90	2 /48	Кіші топ	2/57	3/78	3/80
2 кіші топ	3/90	4/114	Ортаңғы топ	3/81	2/54	3/73
Ортаңғы топ	3/90	3/95	Ересек топ	4/92	3/78	2/55
Ересек топ	2/60	2/67	Мектепалды даярлық 5 – 6 жас	3/72	3/85	3/76
Мектепалды даярлық топ	1/30	1/31		-	-	-
Барлық балалар	360	355	Барлық балалар	302	320	313

Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет

Барлық бала саны	2017 2018	2018 2019	2019 2020	2020 2021	2021 2022
Ұлдар	202(56%)	196 (55%)	160 (53%)	177 (55%)	177 (57%)
Қыздар	158(44%)	159 (45%)	142(47%)	143 (45%)	136(43%)

Осы бес жылдықта ұлдардың саны қыздарға қарағанда басым екені байқалды.

Тәрбиеленушілердің ұлттық туралы мәлімет

Барлық бала саны	2017 2018	2018 2019	2019 2020	2020 2021	2021 2022
Орыс	3	5	2	1	6
қырғыз	1	-	-	-	-
татар	-	-	-	2	-
қазақ	356	350	300	317	307

Тәрбиеленушілердің басым саны қазақ ұлтының балалары, басқа ұлт өкілдері мемлекеттік бақшаға қатысуы өсу динамикасымен байқалады.

Балалардың денсаулығы туралы мәліметтер

Аурулардың атауы	2017 2018	2018 2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
ЖРВ,ЖРА	805	611	1015	727	1028
Бронхит	17	46	25	74	38
Бронх деміпесі	-	-	-	-	-
Пневмония	9	8	5	4	7
Ангина	14	5	38	64	115
Желшешек	5	10	3	7	14
Басқа арулар	442	820	780	280	560
Жарақаттар	-	-	-	-	-
Барлығы	1992	1501	1866	1156	1762

Балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіші олардың жиі ЖРВ, ЖРА ауруларымен ауруы қазіргі уақыттағы пандемияға байланысты жиілеп кетті. Аурудың алдын алу шаралары қатаң түрде бақылауға алынып, барлық сақтық шаралар қолданылады және шынықтыру-сауықтыру шаралары жүзеге асырылуда.

Балалардың балабақшаға қатысуы туралы мәлімет

Көрсеткіш	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Бала саны	360	355	302	320	313
Қатысу жоспары	6669	7340	6820	6140	6038
Нақты келген күндер	4665	4954	3637	3455	3325
Босатқан күндер	1792	2090	2344	2565	2412
Балалардың орташа жылдық саны	343	367	341	322	320

Пандемия және шектеу кезеңіндегі нақты қатысу нәтижелері бойынша балалар күндерінің саны төмендеуі байқалады .

Балалардың денсаулық туралы мәліметі

Атауы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
I топ	237	230	237	259	218
II топ	68	85	107	51	98
III топ	3	3	2	5	2
IV топ	-	-	-	-	-
Барлығы	338	318	346	315	318

Төмендегі кестеде балабақша тәрбиешілерінің бес жылда қатысқан шаралары көрсетілген.

2017/18 -2021/22 оқу жылдар аралығында тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстардың жеңімпазыдары мен жүлдегерлері

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жүлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық зияткерлік «Пони» Білімпаз байқауы	7	Жүлдегер-7
2	Халықаралық зияткерлік «Пони»байқауы	25	Жүлдегер - 24 Жеңімпаз-1
3	Халықаралық зияткерлік «Пони» Зерде байқауы	7	Жүлдегер – 6 Жеңімпаз - 1
4	Халықаралық зияткерлік «Пони» Негетай байқауы	2	Жүлдегер – 2
5	Халықаралық зияткерлік «Пони» Палитра байқауы	5	Жүлдегер – 5
Республикалық			
1	Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» IQ орталығының зияткерлік марафоны	14	Жүлдегер – 13 Жеңімпаз - 1
2	«Қабілет» интеллектуалды білім порталының ұйымдастырылуымен өткен «Өнерлінің өрісі ұзақ» байқауы	3	Бас жүлде-1 I дәрежелі-1 II дәрежелі-1
3	«Атамұра» интеллектуалды білім порталының ұйымдастырған «Таңғажайып картина» байқауы	2	Диплом-2
4	«Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Мен дарында баламын» атты сайысы	1	I Дәрежелі-1
5	«Мұнара» интеллектуалды білім порталының ұйымдастырылуымен өткен «Здравствуй, весна красная», «Никого роднее мамы в целом мире нет» байқауы	2	Гран при-2
Облыстық			
1	Павлодар облысының білім беру басқармасы ұйымдастырған «Жауқазын» зияткерлік олимпиадасы	3	II орын-2 III орын -1
2	Жалпы	71	Бас жүлде-1 II орын -2 III орын-1 I дәрежелі-2 II дәрежелі-1 Жүлдегер-57 Жеңімпаз -3 Диплом -2

Қорытынды: Балабақша тәрбиеленушілері халықаралық, республикалық және облыстық зияткерлік конкурстар мен іс-шараларға белсенді қатысады, бұл жұмыс ата-аналардың балабақшамен бірлескен жұмыстың нәтижесі және ата-аналардың тәрбие жұмысындағы белсенділік көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар алдағы жылдары жергілікті байқауларға белсенді қатысу жоспарда.

2017/18-2021/22 оқу жылдар аралығында тәрбиеленушілердің халықаралық, республикалық облыстық, қалалық көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқаулардың жеңімпазыдары мен жүлдегерлері

№	Конкурс атауы	Қатысушылар саны	Жүлделі орындар
Халықаралық			
1	Халықаралық «Новогоднее настроение-2020» байқауы	4	Жүлдегер-4
2	Халықаралық «Эстрадно-вокальная студия» байқауы	16	Гран При-11 I дәрежелі-5
3	Халықаралық «Творческая осень» фестиваль байқауы STAR WAY	3	I дәрежелі - 3
4	Халықаралық эстрада-вокалды Dionis студиясы «Лазурный берег» хореография сайысы	5	Гран-При-3 I дәрежелі - 2
5	Эстрада-вокалды Dionis студиясы ұйымдастырған «Новогодний перполох» сайысы	4	I дәрежелі - 4
6	Халықаралық «Be Clever» дамыту орталығы «Қысқы махаббат» атты суреттер, фото суреттер және ашықхаттар байқауы	2	1 орын-1 Сертификат-1
7	IV Халықаралық байқау «Золотая осень»	3	II дәрежелі -3
8	9 мамыр-ұлы жеңіс күні атты халықаралық онлайн байқауы	1	I дәрежелі-1
9	IV Халықаралық байқау «8 наурыз әйелдер күні» » атты суреттер, фото суреттер және ашықхаттар байқауы	2	Сертификат-2
	Жалпы	40	Гран При-14 I дәрежелі-15 II дәрежелі-3 1 орын-1 Жүлдегер-4 Сертификат-3
Республикалық			
1	«Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Туған жерім менің Қазақстаным» атты Республикалық сурет байқауы	3	II дәрежелі – 2 III дәрежелі - 1
2	«Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Қош келдің Наурыз!» атты Республикалық сурет байқауы	1	II дәрежелі – 1
3	«Тіл, өнер, білім» орталығы ұйымдастырған «Қазақ елі –Мәңгілік ел» атты Республикалық сурет салу байқауы	2	I дәрежелі - 2
4	«Данышпан» шығармашылық «Ғарыш әлемі» атты байқауы	2	I орын-2
5	«Данышпан» шығармашылы «Мерекелі мамыр» атты байқауы	4	I орын-4
6	«Данышпан» шығармашылы «Табиғатты сүйем, сұлулыққа бас иемін» байқауы	3	I орын-2 II орын-2
7	«Данышпан» шығармашылы «8 наурыз –	19	I орын-12

	Аналар күні» атты байқауы		II орын-4 III орын-3
8	«Данышпан» шығармашылы «Алақай қыс келді» атты байқауы	2	III орын-2
9	«Данышпан» шығармашылы «Көктем тіршілігінің басталуы» атты байқауы	2	III орын-2
10	«Данышпан» шығармашылы «Үй жануарлары» атты байқауы	2	I орын-2
11	«Данышпан» шығармашылы «Армысың, өз Наурыз» атты байқауы	1	I орын-1
12	«Данышпан» шығармашылы «Ғажайып көктем» атты байқауы	1	I орын-1
13	«Мектеп ұстаздарының әлемі» журналы «Ұлы дала өрендері» тақырыбынды республикалық сырттай байқауы	7	I дәрежелі-3 II дәрежелі-2 III дәрежелі-2
14	Дарынды жас оқу орталығының ұйымдастырылуымен «Қысқы қиял» атты байқауы	7	II дәрежелі-2 III дәрежелі-5
15	«Эврика» білім беру орталығы «Алтын күз-2020» атты байқауы	4	I дәрежелі-1 III дәрежелі-3
16	«Эврика» білім беру орталығы «Көктем шұғыласы» атты байқауы	1	I дәрежелі-1
17	Білім қайта даярлау институты және біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған «Зимушка зима» атты шығармашылық байқауы	5	1 орын-2 2 орын-3
18	Астанамыздың 20-жылдығына орай ұйымдастырған «Астана-елімнің жүрегі» атты байқауы	2	Диплом-2
19	«Абай –дана, Абай дара қазақта»-мәнерлеп оқу байқауы	2	I дәрежелі-2
20	«BALA DARYN» балалар мен жасөспірімдер жобасының ұйымдастырылған байқауы «Әлемді таныған Абай»	1	I дәрежелі-1
21	«Өрлеу» порталы ұйымдастырған «Біз-Ұлы Жеңістің мұрагеріміз» атты байқауы	1	I дәрежелі-1
22	Жас Дарын интернет ресурсы ұйымдастырған «Жайнай берсін, Астана!» атты байқауы	7	I дәрежелі-7
23	Өрлеу порталы Мұқағали Мақатаевтың 90 – жылдығына орай ұйымдастырған «Өлең сөздің патшасы»атты сайысы	4	I дәрежелі-3 1 орын -1
24	MEDIA BILIM журналы ұйымдастырған «Қош келдің, алтын күз» байқауы	1	I орын-1
	Жалпы	84	I орын-28, II орын-9, III орын-7. I дәрежелі-21 II дәрежелі-6 III дәрежелі-11 Диплом-2

Біздің тәрбиеленушілеріміз халықаралық, республикалық зияткерлік байқаулар, марафондарға облыстық және қалалық іс-шараларға белсенді қатысады.

IV бөлім. Әдістемелік жұмысы

Балабақшаның әдістемелік жұмысы білім беру мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге, балалардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасауға, кәсіби дағдыларды жетілдіруге және жаңа буын педагогтерді қалыптастыруға бағытталған, бақшаішілік инновациялық әрекеттерді дамыту. Ол зерттеулерді бақылауға, оқу процесінің оң және жағымсыз жақтарын анықтауға, алдыңғы педагогикалық тәжірибені, заманауи білім беру технологиялары мен мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновацияларды енгізуге негізделген. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары анықталды.

Басқаруды ұйымдастыратын жұмысты бақылайтын педагогикалық кеңес, шығармашылық бірлестіктер болып табылады.

Жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелері әрбір білім беру жылына арналған «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 192 бұйрығына 1 қосымша) сәйкес жасалады, үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы «12» тамыз № 499 бұйрығы (ҚР БҒМ және министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрыққа 1 қосымша), үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізінде атқарылады. Мектепке дейінгі мекеменің оқу жоспарларымен құжаттары басшымен бекітілген.

Педагогтердің перспективалық жоспарлары, әдіскермен келісіледі және балабақша басшысымен бекітілген. Оқу сағаттарының саны жұмыс оқу жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің сағаттарының санына сәйкес келеді.

Балабақша тәрбиешілері өз жұмысында мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алады. Бағдарлама бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеумет» және мектеп жасына дейінгі баланың әлеуетін ашуға, танымдық қабілеттерін, жеке бейімділіктерін, балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасы екі компоненттен тұрады: инвариантты, вариативті.

Жылдық тапсырмалар негізінде вариативті компоненттердің оқу бағдарламалары қаралады және таңдалады. Педагогтердің жұмыс әрекеті мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес, балалардың құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау сонымен қатар дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықтарын арттыру мақсатында балабақша спортзалы толық дәстүрлі және дәстүрден тыс құралдармен қамтылған.

Балалар арасында COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау үшін сабақтар мен демалыс режимі келесі талаптарға сәйкес жүргізіледі: 1) серуендеу және топ ішінде ойынау барынша бөліп өткізумен топтық оқшаулауды ескере отырып құрылады; 2) залдар, кабинеттер, барлық топ бөлмелері рециркуляторомен залалсыздандырумен қамтылған.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі, мөрмен куәлдандырылған басшының қолдары бар.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс; аттестаттау жұмыстары; педагогтердің тәжірибесін жалпылау; жас және жаңадан келген педагогтармен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру; түрлі байқаулар ұйымдастыру; эксперименттік - ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету; әр түрлі кәсіби шеберлік деңгейіндегі педагогтармен жұмыс; әдістемелік жұмыстың қызметін талдау. Педагогтармен әдістемелік жұмыс келесі практикалық мәселелерді шешуге бағытталған: педагогтардың қарым-қатынас кезеңінде олардың кәсіби өсуін, кәсіби дамуын және кәсіби мәдениетін жүйелі ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау, олардың шығармашылық өсуіне, өзін-өзі білімін арттыруға, өзін-өзі

тәрбиелеуге ықпал ету; педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыстың жағдайына байланысты оқу қызметінің тиімділігін зерттеу, талдау және бағалау; мектепке дейінгі баланы оқыту мен тәрбиелеудегі үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау, тарату; ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, инновациялық және заманауи білім беру технологияларын енгізуді әдістемелік қамтамасыз ету; әлеуметтік серіктестік негізінде мүдделі мекемелердің мамандарымен өзара әрекеттестікті күшейту; педагогикалық кадрлармен жұмысты ұйымдастырудың диагностикасының нәтижелері мен әкімшілік немесе басқа да оқу процесін жүзеге асырудағы кемшіліктерді ескере отырып, реформаланған білім беру жүйесін дамытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік қызметті жоспарлау, бақылау.

Әдістемелік іс –шаралардың түрлері: ұйымдастырушылық және әдістемелік қызмет; оқу - әдістемелік қызмет; ғылыми - зерттеу қызметі; педагогикалық ұжыммен жеке жұмыс және олардың өзін - өзі тәрбиелеуі; ақпараттық - талдау қызметі; диагностика; әдістемелік бақылау.

Бұл деңгейде балабақшаның әдістемелік жұмысы ерекше орын алады. Негізгі мақсат - өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын, пікірлестер тобын құру.

Қазіргі уақытта педагогикалық ұжым педагогикалық тәжірибені жалпылау, әр педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту міндеттерін шешеді. Вариативтік бөлім жыл сайын оқу жылының басында педагогикалық кеңесте қарастырылып, келісіліп , шешімімен бекітіліп, іске асырылады.

2017-2018 оқу жылы

№	Жас кезендері	Жүктеме
1	Екінші кіші топтар (3-4 жас)	1 сағат
2	Ортаңғы топтар (4-5 жас)	2 сағат
3	Ересектер тобы (5-6 жас)	3 сағат
4	Мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жас)	4 сағат

Екінші кіші «А», «Ә», «Б» топтары: 1 сағаттан, ағылшын тілі – 36 сағат; ортаңғы «А», «Ә», «Б» топтары жалпы 2 сағат, ағылшын тілі 1 сағаттан– 36 сағат, жүзу 1 сағаттан-36 сағат; ересек «А», «Ә» топтары жалпы 3 сағат, хореография 1,5 сағаттан 54 сағат; жүзу 1,5 сағаттан -54 сағат; мектепалды даярлық тобы жалпы 4 сағат, хореография 2 сағаттан 72 сағат; жүзу 2 сағаттан -72 сағат;

2018-2019 оқу жылы

№	Жас кезендері	Жүктеме
1	Екінші кіші топтар (3-4 жас)	1 сағат
2	Ортаңғы топтар (4-5 жас)	2 сағат
3	Ересектер топтары (5-6 жас)	3 сағат
4	Мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жас)	4 сағат

2018-2019 оқу жылында екінші кіші «А», «Ә», «Б», «В» топтары: 1 сағаттан ағылшын тілі – 36 сағат; ортаңғы «А», «Ә», «Б» топтары 2 сағаттан ағылшын тілі – 36 сағат; жүзу -36 сағат; ересек «А», «Ә» топтары жалпы 3 сағат, оның ішінде: жүзу 1 сағаттан– 36 сағат, «хореография» 1 сағаттан – 36 сағат, «Өлкетану»-1 сағаттан- 36 сағат; мектепалды даярлық тобы жалпы 4 сағат, оның ішінде жүзу 2 сағаттан – 64 сағат, хореография 2 сағаттан – 64 сағат.

2019-2020 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топтары (3-4жас)	1 сағат	Ағылшын тілі -1сағат
2	Ересек топтары (4-5 жас)	2 сағат	Ағылшын тілі -1 сағат Жүзу-0,5 сағат Хореография-0,5 сағат
3	Мектепалды даярлық топтары (5-6 жас)	3 сағат	Өлкетану -1 сағат Жүзу -1сағат Хореография- 1сағат

Ортаңғы «А», «Ә», «Б» топтары: жалпы 1 сағат, оның ішінде ағылшын тілі -1 сағат; Ересек «А», «Ә» «Б», «В» топтары жалпы 2 сағат, оның ішінде ағылшын тілі -1 сағат; жүзу 0,5 сағаттан-18 сағат; хореография 0,5 сағаттан – 18 сағат. Мектепалды даярлық «А», «Ә», «Б» топтары -3сағаттан, оның ішінде «Өлкетану»-1сағаттан -36 сағат; «хореография»-1сағаттан-36 сағат, жүзу- 1 сағаттан-36 сағат.

Мектеп жасына дейінгі ересектер тобындағы балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес туған жеріне деген рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, өз өлкесінің тарихы, мәдениетімен таныстыру; жалпыадамзаттылық, ұлтжандылық пен толеранттылыққа тәрбиелеу.

2020-2021 оқу жылы

№	Топтар	Сағаттар саны	Вариативтік бөлік
1	Ортаңғы топтар	1 сағат	Саналы саусақ-1сағат
2	Ересек топтары	2 сағат	Жүзу-1 сағат Хореография-1сағат
3	Мектепалды даярлық топтары	3 сағат	Өлкетану -1 Жүзу-1 сағат Хореография-1сағат

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларын оқытуға арналған вариативтік бөлімінен «Өлкетану» бағдарламасы берілген. Бағдарламаны балабақша тәрбиешілері мектепке дейінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде туған өлкемен таныстыруда, білім-бағдар беруде қолдана алады.

2021-2022 оқу жылы

№	Топтар	Сағаттар саны	Вариативтік бөлік
1	Ортаңғы топтар	1 сағат	Саналы саусақ-1 сағат
2	Ересек топтары	2 сағат	Жүзу-1 сағат Хореография-1сағат
3	Мектепалды даярлық топтары	3 сағат	Өлкетану -1 сағат Жүзу-1 сағат Хореография-1сағат

2021 жылғы 31 тамыздағы № 1 Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқу жоспарының вариативтік компоненті авторлық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады, рецензиялары бар.

Вариативтік компонентке арналған «Өлкетану» бағдарламасы бойынша, рецензенттер: Кененбаева М.А. - п.ғ. к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің мектепке дейінгі және бастауыш мектепте білім беру кафедрасының профессоры; Нұрғалиева С.Д. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы.

Вариативтік компонентке арналған "Кішкентай дильфиндер" суда жүзу бағдарламасы бойынша, рецензенттер: Психология магистрі Есенгараева Г.Е., ИнЕУ, аға оқытушысы.

Вариативтік компонент «Би әсемдігі» мектепке дейінгі ұйымдағы 4-6 жастағы балаларға арналған хореография бағдарламасы бойынша, рецензенттер: Психология магистрі Есенгараева Г.Е., ИнЕУ, аға оқытушысы.

Вариативтік компонентке арналған "Саналы саусақтар" бағдарламасы бойынша рецензенттер: Психология магистрі Есенгараева Г.Е., ИнЕУ, аға оқытушысы.

Жылдық мақсат пен міндеттер негізінде вариативті компоненттердің оқу бағдарламалары педагогикалық кеңесте қаралып бекітіледі.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттарда жүзеге асырылады: нормативтік құжаттармен жұмыс; диагностикалық жұмыс; педагогтардың өздігімен білім жетілдіру жұмысы; аттестаттау жұмыстары; педагогтердің тәжірибесін жалпылау; жас және жаңадан келген педагогтермен жұмыс; педагогикалық кеңестер, семинарлар, әдістемелік кездесулер және т.б. ұйымдастыру; түрлі байқаулар ұйымдастыру; эксперименттік-ізденушілік, эксперименттік, инновациялық қызметті әдістемелік қамтамасыз ету.

Педагогтердің әзірлеген бағдарламалары мен әдістемелік құралдары

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Жыл
1	Жаканова Гульмира Амантаевна, Капбасова Бактынур Кимайденовна	Әдістемелік құрал: Зерттеу арқылы балалардың сөйлеуін дамыту. Рецензенттер: Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты Б.Ж.Сарыбаева Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті. Гумманитарлық бағыттағы ғылымдыр магистрі Ж.Қ.Сағынтаева	2017
2	Султанова Сандугаш Нығыметолловна	«Мектепалды даярлық топ балаларымен сөйлеуді дамыту ұйымдастарылған оқу қызметінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану» Рецензенттер: Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері Б.С. Барамбаева Білім беру дамытудың инновациялық орталығы басшысының орынбасары А.А. Қожахметова	2017
3	Амирова Анар Солтанхановна	«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін сын тұрғысынан технологиялары арқылы дамыту » Рецензенттер: Инновациялық Еуразия университеті, филология магистрі Ш.С. Байжекина Біліктілікті жетілдіру институтының директоры М.П. Шакарманова	2018
4	Ахметова Гульнара Сулейменовна	«Ертегі терапиясы -қиындықтан шығудың оңай жолы» Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының доценті,	2018

		филология ғылымының кандидаты Б.Ж. Сарыбаева. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті гуманитарлық бағыттағы ғылымдар магистрі Ж.Қ. Сағынтаева.	
5	Масалимова Алема Сериковна	«Мектепке дейінгі ересек балалардың логикалық ойлауын дамыту үшін Эйлер шеңберлерін қолдану»	2019
6	Муханова Молдир Жасулановна	«Мектепке дейінгі мекемеде Луллия шеңберлерін қолдану»	2019
	Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна	2-6 жастағы балаларға арналған таңғы гимнастика (жиынтық)	2019
7	Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна	Бағдарлама : «Суда жүзу сабағына арналған бағдарлама» Әдістемелік құрал : «Судағы ойындар арқылы балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру» Рецензенттер: Психология магистрі Есенгараева Г.Е., ИнЕУ, аға оқытушысы.	2020
8	Оспантаева Сафура Ермековна	Ерекше оқыту қажет ететін деңгейдегі СТЖД балаларына арналған арнайы түзету-дамытушылық бағдарлама.	2020

Балабақша ұжымы балаларды жан-жақты дамуын негізге алады. Әсіресе Отанын, туған жерге, тілге деген сүйіспеншіліктерін арттырып тәрбиелейді. Педагогтердің міндеті қазақ тілін игертіп отырады. Аталған әдістемелік жинақтар мен құралдар баланың жан-жақты дамуына бағытталған. Әр педагог өз әзірлемелерінде баланың танымын, сөздің мағынасын түсінуге, денсаулығына басты назар аударуда. Сонымен қатар алға қойған мақсатта ұлттық құндылықтарды меңгерту жоспарлануда.

Қазірі уақытта педагогикалық ұжым өз тәжірибесінде келесі инновациялық технологияларды қолданады:

№	Жас топтары	Қолданылған инновациялық технологиялар
1	Кіші топтар	Денсаулық сақтау технологиялары Мнемотехника Дьенеш блоктары
2	Ортаңғы топтар	Дьенеш блоктары М.Монтессори Денсаулық сақтау технологиялары Сын тұрғысынан ойлау
3	Ересек топтар	М.Монтессори TRIZ элементтері Мнемоникалық технология Денсаулық сақтау технологиялары Зерттеу технологиясы Жобалық әрекеттер Сын тұрғысынан ойлау
4	Мектепалды топтар	Луллия шеңберлері Ертегі терапиясы Көрнекі модельдеу әдісі Дьенеш блоктары Эйлер шеңберлері Зерттеу технологиясы Денсаулық сақтау технологиялары

		Жобалық әрекеттер Сын тұрғысынан ойлау
--	--	---

Оқу жылдары барысында қолданылған инновациялық технологиялары балалардың тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытады, денсаулық сақтау технологиялары жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау болып табылады. Балалардың танымдық құзыреттіліктерін қалыптастырып дамытуға «Дьенеш блогы», зерттеу әрекеттері, «Луллия шеңберлері», «Эйлер шеңберлері» қолданылады.

Оқу-тәрбие жұмысы

Мектепке дейінгі ұйымның басым бағыты әлеуметтік-коммуникативтік тәрбие бағытында, сонымен қатар педагогикалық процесті жүзеге асыруда авторлық білім беру бағдарламаларына бағыттау, дамытушы ортаны құру, баланы сәтті әлеуметтендіру және қоршаған әлеммен ойын-сауық, дене шынықтыру, когнитивтілік іс-әрекет түрлерінде таныстыру, ерте білім беру және дамыту топтарын ашу.

